

**Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» атты «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша**

**П І К І Р І**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді:</p> <p>1) Диссертация АР05134139 ««Шығыс Қазақстан ономастикалық кеңістігі – ұлттық код пен рух жаңғыруының көрінісі» (Тарбағатай, Аягөз, Үржар аудандарының топонимикалық атаулары негізінде)» мемлекет бюджетінен қаржыландырылған ғылыми жоба аясында әзірленген.</p> <p>2) Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» стратегиялық мақаласының;</p> <p>- Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;</p> <p>- «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының;</p> <p>- Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің «жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауының және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі</p>

			<p>«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2018 жылғы 21 қарашада жарияланған «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын шешуді көздейді.</p> <p>3) Диссертациялық жұмыс 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер атты ғылым дамуы басым бағытының 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы;</p> <p>7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары атты мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Атап айтқанда, Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарының микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесін кешенді зерттеу арқылы тіл білімінің топонимика, микротопонимика, топонимжасам, аймақтық топонимика, этнолингвистика, тарихи-лингвистика, лексика, семантика салаларының дамуына септігін тигізеді.</p> <p>Жұмыс маңыздылығы ашылған: тақырып өзектілігі, жаңашылдығы еңбектің теориялық және тәжірибелік мәні жан-жақты көрсетілген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс зерттеуші өзі жеке дара, жоғары деңгейде жазып шыққан толыққанды зерттеу болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі халықтың этникалық тарихы, қоғамдық өмірдегі тіршілігі, ең алдымен табиғи ортасы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен біте қайнасып тұратын белгілі бір шағын

		аймақтыңмикротопонимдерін лингомәдени жүйе тұрғысынан зерттеу арқылы топонимика ғылымының дауына елеулі үлес қосуымен негізделеді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертациялық жұмыс барысында аймақтық микротопонимдердің лингомәдени негіздері мен дәстүрлі лингвистикалық парадигма аясындағы қолданысымен тарихи-лингвистикалық, топонимжасамдық ерекшеліктері жан-жақты зерттеліп, жасалған тұжырымдар нақты дәйектер негізінде анық әрі ғылыми тілде көрсетілген.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыс алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындайтын теориялық алғышарттар негізінде құрылған, осы негізде зерттеудің басты қағидаттары жүйелі түрде анықталып тұжырымдаған. Жұмыс мақсаты толықтай тақырыпқа сәйкес келеді, яғни Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің лингомәдени негіздері мен дәстүрлі лингвистикалық парадигма аясындағы қолданысы негізге алынып, лингомәдени және тарихи-лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу жұмыстың өн бойында жүзеге асырылған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі тұжырымдары бір-бірімен толықтай байланыста құрылған. Жасалған ғылыми анықтамалар өзіндік ішкі сипатының бірлігімен және логикалық бірізділік тұрғысынан өзара үйлесімділікті көрсетеді. Мысалы, Зерттеу жұмысының «Микротопонимдердің

			<p>лингвомәдени ерекшеліктері (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» деп аталатын бірінші тарауында микропонимдердің зерттелу барысы мен лингвомәдени, концептілік аясы қарастырылады.</p> <p>«Микропонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары бойынша)» деп аталатын екінші тарауда микропонимдердің, тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері, тіркесімділік қасиеттері, топонимжасамдық сипаты қарастырылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста автор аймақ топонимикасындағы микропонимдердің орнын бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдар және пікірлермен салыстырса отырып, бағалаған. Сыни талдаудың бар екендігіне ғылыми бағыттарға талдамалы шолулардың тыңғылықты түрде жасалып, жалпы аяқтық микропонимдердің қалыптасуы мен дамуы жайлы, топонимист ғалымдардың пікірлерінің ұсынылуы негіз бола алады. Таңдалған тақырыпты бір ғана бағытта ғана емес, пәнаралық негізде қарастыра отырып, жүйелі түрде қарастыру орын алған. Мәселен, ғылыми тұжырымдар мен қажетті ұсыныстар айту барысында тарих, география, этнография ғылымындағы зерттеушілердің теориялары мен әдістемелеріне сүйене отырып, талдаулар жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертациялық жұмысты жазу барысында зерттеу нысанына алынған аймақ микропонимикасы алғаш рет</li> </ol>

		болып табылады)	лингвомәдени, тарихи-лингвистикалық, топонимжасамдық қырынан қарастырылғандықтан, тың нәтижелерге қол жеткізіліп отыр.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі: - Аймақ микротопонимдерінің лингвомәдени жүйе қалыптастырылған; - Аймақ микротопонимдерін ғаламдық бейне мен халықтық таным тұрғысынан таныту микротопонимдерді зерттеудің жаңаша қырын танытады; - Микротопонимдердің де өзіне тән топонимжасамдық құрылымы анықталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда салмақты да шынайы деректерге негізделген. Сонымен қатар ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Барлық тұжырымдар негізі зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты кешенді де жүйелі ғылыми еңбектер мен қағидаттардан бастау алады және салыстырмалы талдаулар негізінде жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма?	1) Диссертациялық жұмыстың әр қағидаты дәлелденген. Топонимиканың маңызды бір саласы микротопонимдер сол аймақтың ондаған ғасырлар бойы қалыптасқан табиғат жағдайларын, сол аймақты мекен еткен халықтың ежелгі

		<p>1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>және жаңа тарихын бойына сіңіріп, сақтап келген ұлттың рухани және материалдық мәдениетінен көрініс беретін жалқы есімдер кешені болып саналады. Микротопонимдер белгілі бір аймақта адамдардың ұзақ уақыт тұрақтануы негізінде қалыптасқан нысан атаулары ретінде өзіндік құрылымдық және лингвомәдени ерекшеліктерге ие. Мұндай ерекшеліктерді тану лингвистика топожүйесінің теориялық және тәжірбиелік сипатындағы маңызы мен қажеттілігін танытады.</p> <p>2) Диссертациялық жұмыстың қағидаты тривалды болып табылмайды.</p> <p>3) Диссертациялық жұмыстың мазмұнын толық жаңа деп есептеуге болады. Себебі жұмыстың антиплагиат жүйесіндегі көрсеткіші 75,73%-ды құрайды.</p> <p>4) Диссертациялық жұмыстың қолдану деңгейі кең. Себебі: жалпы топонимдер тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, этнография, география ғылымдарының тоғысында қарастырылатын бірліктер болғандықтан, оларды зертеу, топтастыру, мазмұндық ерекшеліктерін анықтау, географиялық орналасу жүйесін анықтау сипатына орай қолданылу деңгейі кең болып келеді.</p> <p>5) Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері ҚР ҒЖБССҚҚұсынған отандық басылымдарда жарияланған 3 мақалада, халықаралық рецензияланатын 1 басылымда, халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары жинағында жарияланғанда 3 баяндамада және жалпы ғылыми басылымда жарияланған 1 мақалада дәлелденген.</p>
--	--	---	---

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты таңдалған. Зерттеу жұмысының әдістері мазмұнға сай, дәйекті қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып өңделген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста теориялық пайымдаулар, тұжырымдар мен заңдылықтар арнайы зерттеулер негізінде дәлелденіп, нақтыланған. Диссертацияның нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі тақырыптың терең пайымдауға құрылған талдаулар әдістемесі негізінде жасалған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оларды басшылыққа алу негізінде жасалған. Жұмыста белгілі тілші, топонимист, лингвомәдениеттанушы ғалымдардың 110-нан астам отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріліп, сілтемелері расталды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі толыққанды әрі жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар және жоғары. Ұлттық жалқы атаулар жүйесі, әсіресе микротопонимдер қоғамда

			болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістердің бірден-бір көрсеткіші, сондықтан да болар осы топонимдік топтағы атаулар идеологиядан ең көп зардап шеккенін байқауға болады. Қазақ топонимдерінің тілдегі байырғы көне, орта ғасыр, жаңа дәуірлердегі үлгілері тарихи және лингвистикалық тұрғыдан талданып, олардың ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет, ұлттық тарихпен байланысын қарастыру үлкен әлеуметтік-гуманитарлық сипаттағы басты маңыз болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда кешенді түрде қамтылған мәселелер, ондағы жинақталған деректік мәліметтер, зерттеу жұмысындағы қорытындылармен ұсыныстар жоғары оқу орындарында арнайы оқытылатын ономастика, топонимика, этнолингвистика, лексикология және лингвомәдениеттану пәндері бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде, теориялық курстар мен арнайы семинарлар ұйымдастыруда, сонымен қатар лексикографиялық тәжірибе жүргізуде қолдануға мүмкіндік береді және жұмыстың практикалық маңызы жақты екеніне дәлел бола алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста айтылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу қорытындыларын практика жүзінде ЖОО-ларда дәріс материалы, аймақ микрокопонимикалық жүйесін салыстырмалы талдаулар кезінде сенімді ақпарат көзі ретінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, бұл сөзімізге келтірілген деректердің жүйелі негізде қарастырыла



		4) төмен.	отырып, ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың сауатты тілде жазылуына себеп болғаны дәлел. Сонымен қатар автордың жасаған тұжырымдары анық әрі түсінікті түрде берілген.
--	--	-----------	---

Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Мамышева Мөлдір Ерланқызының 6D020500—« Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептейміз.

**Ресми рецензент:**

**М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Гуманитарлық әлеуметтік ғылымдар факультеті,  
Филология және журналистика кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты**

**Құламанова Зиба Абдуллақызы**

З.Құламанова  
Мен растаймын  
«Дулати университеті» КЕ АҚ  
Персоналды басқару қызметі  
« 17 » 03 20 23 ж

